

Клиникалық-диагностикалық зертхана

"Облыстық клиникалық аурухананың" клиникалық-диагностикалық зертханасы жоғары технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етілген, оның көмегімен диагностика үшін жалпы клиникалық, гематологиялық, биохимиялық, иммунологиялық, ПТР-зерттеулерді қоса алғанда, барынша ақпараттық кең ауқымды зерттеулер жүргізіледі.

Клиникалық-диагностикалық зертхананың негізгі міндеттері:

- тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары талдамалық сипаттамалары бар зертханалық зерттеулер жүргізу;
- ең жоғары аналитикалық және диагностикалық құндылығы бар жаңа зерттеу әдістерін игеру;
- технологиялық процесті стандарттау есебінен зерттеулердің сапасын арттыру: сапаны ішкі бақылауды жүргізу және сапаны бақылау бойынша сыртқы бағдарламаларға қатысу (сертификат);
- заманауи жоғары технологиялық зертханалық жабдықтарды тиімді және ұтымды пайдалану;
- мемлекеттік және аймақтық мақсатты бағдарламаларды орындауға қатысу (скринингтер, кәсіби тексерулер), сонымен қатар халыққа ақылы қызмет көрсету.

ОКБ клиникалық-диагностикалық зертханасында көпжылдық дәстүрлер мен жоғары кәсібилік арқылы халықаралық стандарттар деңгейінде қолжетімді және сапалы медициналық қызметтер көрсететін білікті мамандар жұмыс істейді.